

Internet addiction and ways to overcome it

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 03.02.14.

В настоящей статье автор рассматривает факторы возникновения интернет зависимости, всемирный опыт по данной проблеме, результаты исследований и предлагает пути преодоления нехимической аддикции.

In this article the author examines the factors of Internet addiction, worldwide experience on this issue, the results of research and suggests ways to overcome the non-chemical addiction.

ӘОЖ 371.013

С. К. Ксембаева, Р. С. Әлкеева

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ДАРЫТУ – ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ

Мақалада құзыреттілікті дамыту мәселесі қазіргі педагогтарға қойылатын өзекті талаптардың ретінде қарастырылады, және заманауи ғалымдар жасаған құзыреттіліктің негізгі түрлері сипатталған.

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытуды талап етіп отыр. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, оқу мерзімі 12 жылдық нәтижеге бағытталған мектеп моделін енгізу – оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістері мен формасын, оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін жасап, тәжірибеге енгізуді талап етеді. Басты мақсат – қоғамның ақпараттану, жаһандану кезеңінде қажет ақпаратты алып, шапшаң өңдеп, пайдалана білетін, бәсекеге қабілетті, өзіндік танымдық әрекет ете алатын, түйінді құзыреттіліктері бойында дамыған, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Қоғамға пайдалы болашақ білікті де білімді маманды даярлау мектептен басталады. Сол себептен оқушылардың бойында түйінді

құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамыту қажеттілігі мәселесі туындап тұр. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практикаға сүйеніп жасалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік.

Құзыреттілік теориясы Г. В. Вайлер, Ю. В. Койнов, Я. И. Лефстед, Н. В. Матяш, В. В. Сериков, Дж. Равен, Р. Уайт, В. Чинапах және т.б. еңбектерінде негізделген. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М. Н. Скаткин, И. Я. Лернер, В. В. Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары: педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі–А. А. Орлов, И. Я. Фастовец, С. Т. Каргин; маңызды кәсіби сапаларды дамыту–Е. П. Белозерцов, И. А. Колесникова, А. Е. Кондратенков, Н. В. Кузьмина, И. Я. Лернер, Н. Д. Левитов, М. Н. Скаткин, В. А. Сластенин; педагогикалық шығармашылық мәні–В. И. Загвязинский, Ю. Н. Кулюткин, М. М. Потапкин; педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері–Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, В. В. Давыдов, А. Н. Леонтьев, Д. Б. Эльконин және т.б. еңбектерінде ғылыми негізде тұжырымдалған.

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш. Х. Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б. Т. Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г. Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б. Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М. В. Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С. И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Латын тіліндегі «competens» сөзін ғалым К. С. Құдайбергенова: «құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға, мінез-құлқын ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса құзырлылық нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалы критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көз қарастарды есепке алу қажет» -деп жазса психология ғылымының кандидаты Б.К. Жұмағалиева құзыреттілікті тұға бойындағы

белгілі бір пән бойынша алған нәтижелік білімнің, білім, білік, дағдыларынан көрінуі, ал құзырлылық осы құзыреттілікті тұлғаның пән бойынша алған білімін өз қажеттілігіне сәкес қолдана, пайдалана білуі деп көрсетеді. Сонда құзыреттілікті білім мен тәрбиенің бір тұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаның өзіндік дамуын жүзеге асырып, өмір сүруге қажетті өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін құзырлылыққа жеткізуде күтілетін түпкі жәтиже деп түсінуге болады.

Бәсекеге қабілетті өзгерістерге бейім жеке тұға тәбиелеу ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде мүмкін екендігі белгілі. Сондықтан оқушының әр түрлі өмірлік жағдайларда мектепте алған білімін, білігі мен икем, дағдылары тиімді қолдана отырып, сәтімен шыға білуіне жағдай жасау, сабақ үрдісінде де, сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар арқылы да тиімді ұйымдастыра білу 12 жылдық білім беру табалдырығын атағалы тұрған мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мұғалім мақсаты бүгінгі заман талабы, білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін іскер адам тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, мектеп қабырғасында жеткіншектердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Оқушыға нәтижеге бағытталған білім беруде күтілетін тұлға құзыреттілігін төмендегіше сипаттауға болады:

- өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта білуі;
- өзінің қызметін бағалай білуі;
- түйіткіл мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі;
- өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі;
- өз бетінше алынған ақпаратты тандай білуі;
- түрлі өмірлік жағдайларында пайдалы, тиімді шешім қабылдай білуі;

Дүние жүзілік әдістемелік ғылымда және қазіргі Заманғылық әдістемелік әдебиеттерде «құзырет», «құзыреттілік» терминдері кең көлемде қолданыс табуда.

Құзыреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе. Ғалым С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Құзыреттілік (латын сөзі) competens - қабілетті, қатысты. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама берілген.

А. В. Баранниковтің пайымдауынша: «Құзыреттілік дегеніміз өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді».

Ғалым Дж. Равеннің «Қазіргі заманға қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде «құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама беріледі.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

- Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
- Әлеуметтік құзыреттілік - кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
- Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жананы түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

- тұлғалық өзін-өзі дамыту күзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болуы қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құзыреттілік-кәсіби маман дайындығының басты сапасы [Мәтін] // Республикалық ғылыми-практикалық конференция «Компетентностная ориентация в развитии высшего профессионального образования в Республике Казахстан: состояние, проблемы и перспективы». - Алматы, 2009. – Б. 126 - 128.
2. Құзыреттілік – педагогтің кәсіби дайындығының маңызды сапасы [Мәтін] // Білім - Образование. - Алматы, 2008.— № Б. 41.
3. Характеристика особенностей развития ключевых профессиональных компетенций у будущих учителей начальных классов [Текст] // «Наука и новые технологии». Республиканский научно – теоретический журнал. -Бишкек, 2009. – №5. – С.271 – 274.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 13.02.2014 редакцияға түсті.

С. Ксембаева, Р. Алкеева

Одна из актуальных проблем педагогической профессии – формирование компетентности

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 13.02.14.

S. Ksembaeva, R. Alkeeva

Development of future teachers competence is one of the topical issues at present time

S. Toraihyrov Pavlodar state University Pavlodar.
Material received on 13.02.14.

В статье рассматривается проблема развития компетентностей как актуальное современное требование к педагогам, и классификация ключевых компетентностей ведущих современных ученых.

The article is devoted to the question of development competences as a topical modern demand to the teachers and classification of the main competences formulated by the modern leading scientists.

ӘОЖ 37.015.31.

Н. А. Кударова

ОТБАСЫНДА БАЛАНЫҢ ЖАС ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада автор қазіргі кезеңде еліміздің нарықтық қатынастарға өту жағдайында отбасының жылдар бойына қалыптасқан құндылық негіздерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарастырады.

Қай заманда, қай елде болса да отбасының адамзат ұрпағына тигізетін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Қазіргі кезеңде еліміздің нарықтық қатынастарға өту жағдайында отбасының жылдар бойына қалыптасқан құндылық негіздері әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан өзгерістерге ұшыруда. Әсіресе жаңа әлеуметтік шандықтың сұраныстарына сәйкес отбасындағы ұрпақ дағдарысты жадайға кез болып отыр. Осыған байланысты қазіргі қоғамның әлеуметтік күрделі процесіне талдау жасау қажеттігі педагогика, психология ғылымдарының күн тәртібінде тұрған басты мәселесінің бірі.[1]

Отбасында тәрбиенің басты жағдайларының бірі-бұл ерлі-зайыптының өзара махаббатына, көзқарастарының, мүдделерінің, сенімдерінің, іс-әрекеттерінің бірлігіне негізделген татулық. Мұндай отбасында қиыншылықты жеңе білетін қабілетті, байсалды, ақжарқын азаматтар өседі.